

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН
MEDISINA
AKADEMIASY



SOUTH KAZAKHSTAN
MEDICAL
ACADEMY

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ

АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»



«БЕКІТЕМІН»

Ректор «ОКМА» АҚ

М. Рысбеков

2024 ж.

ҚАШЫҚТАН БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАР БӨЛІМІНІҢ ЕРЕЖЕСІ

ҚЕ 09-2024

| Күні | Көшірме | Басылым |
|------|---------|---------|
| | | Екінші |


Шымкент

| | | |
|---|---|--|
| ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  | SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| Қашықтан білім беру технологиялар бөлімі | ҚЕ 09-2024 | |
| Бөлімнің ережесі | 2-ші басылым 9 беттің 2-ші беті | |

**1 «ОҚМА» АҚ Қашықтан білім беру технологиялар бөлімі ӘЗІРЛЕП,
 ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗДІ Хаттама № 7a « 04 » 01 2024 ж.**


**2 «ОҚМА» АҚ Сапа бойынша Кеңестің шешімімен КЕЛІСІЛДІ
 Хаттама № 4 « 11 » 03 2024 ж.**

Тексеру мерзімі - 3 жыл

| | | |
|---|---|--|
| ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  | SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| Қашықтан білім беру технологиялар бөлімі | ҚЕ 09-2024 | |
| Бөлімнің ережесі | 2-ші басылым 9 беттің 3-ші беті | |

МАЗМҰНЫ

| | | |
|----|---|---|
| 1. | Нормативтік сілтемелер..... | 4 |
| 2. | Терминдер, анықтамалар, белгілер және қысқартулар..... | 4 |
| 3. | Жалпы ережелер..... | 5 |
| 4. | Қашықтан білім беру технологиялары бөлімінің құрылымы..... | 6 |
| 5. | Қашықтан білім беру технологиялар бөлімінің функциялары мен міндеттері | 6 |
| 6. | Қашықтан білім беру технологияларын қолдану арқылы оқу процесіне қатысушылардың құқықтары мен міндеттері..... | 7 |
| 7. | Қашықтан білім беру технологиялар бөлімінің жауапкершілігі..... | 8 |
| 8. | Басқа құрылымдық бөлімшелермен қарым-қатынасы | 9 |

| | | |
|---|---|---|
| ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  | SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия» |
| Қашықтан білім беру технологиялар бөлімі | ҚЕ 09-2024 | |
| Бөлімнің ережесі | 2-ші басылым 9 беттің 4-ші беті | |

1 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы ереже мынадай нормативтік құжаттардың талаптарын ескере отырып әзірленді:

- Қазақстан Республикасының Заңы. Білім туралы: 2007 жылғы 27 шілде, № 319 (өзгерістер мен толықтырулармен);

- Қазақстан Республикасының Заңы. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы: 2015 жылғы 18 қараша, № 410-V (өзгерістермен және толықтырулармен);

- Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы №137 Бұйрығы (ҚР Білім және Ғылым министрінің 2020 жылғы 13 сәуірдегі №141 бұйрығының толықтырулары мен өзгерістері) «Қашықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережелері» (Е 044/274-2022);

– Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі: 2015 жылғы 23 қараша, № 414-V ҚРЗ;

– ISO 9000:2015. Сапа менеджменті жүйелері. Негізгі ережелер мен сөздік;

– ҚР СТ ISO 9001-2016. Сапа менеджменті жүйелері. Талаптар;

– СТ 002-2024. Ішкі нормативтік құжаттарды басқару;

– СТ 003-2024. Ұйымдастыру құжаттарын басқару;

– СТ 011-2024. Персоналды біліктілігін арттыру;

– СТ 012-2024. Қызметкерлердің біліктілігін арттыру;

– СТ 044/023-2023. «ОҚМА» АҚ білім беру қызметінің ішкі сапасын қамтамасыз ету.

2 ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР, БЕЛГІЛЕР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

Бұл құжатта келесі терминдер, анықтамалар, белгілер мен қысқартулар қолданылады.

«ОҚМА» АҚ – «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» Акционерлік қоғам,

ҚО – қашықтан оқыту,


ЖОО – жоғары оқу орны,

ҚББТ – қашықтан білім беру технологиялары,

БББ – білім беру бағдарламасы,

ПОҚ – профессор-оқытушылар құрамы,

ҚР – Қазақстан Республикасы,

| | | |
|---|--|---|
| ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SKMA -1979- | SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия» |
| Қашықтан білім беру технологиялар бөлімі | ҚЕ 09-2024 | |
| Бөлімнің ережесі | 2-ші басылым 9 беттің 5-ші беті | |

ҚР ҒЖЖБМ – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі,
 ЭОӘК – электрондық оқу-әдістемелік кешен.

3 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

3.1. Қашықтан білім беру технологиялар бөлімі (бұдан әрі – ҚББТ) – оқу-әдістемелік орталықпен бірге қашықтан оқыту жүйесін қалыптастыру және білім сапасын арттыру үшін оқу үдерісіне қашықтықтан оқыту технологияларын енгізу үшін және білім беру қызметтерінің аясын кеңейту, «ОҚМА» АҚ кафедралары мен бөлімшелерінің мамандарды даярлау жөніндегі қызметін үйлестіру үшін және e-learning элементтерін және қашықтан білім беру технологиялары бөлімін пайдалана отырып, білім беру бағдарламаларын іске асыру мақсатында құрылды.

3.2. ҚББТ бөлімі өз қызметіне Қазақстан Республикасының күші бар заңдарын, ҚР ҒЖЖБМ–нің нормативтік-құқықтық құжаттарын, «ОҚМА» АҚ ректорының бұйрықтары мен өкімдерін, «ОҚМА» АҚ жарғысын басшылыққа алады.

3.3. ҚББТ бөлімінің меңгерушісі «ОҚМА» АҚ ректорының бұйрығымен қызметке қабылданады және босатылады.

3.4. ҚББТ құрылымы мен штат кестесі қашықтан білім беру технологиялар бөлімі басшысының ұсынысы бойынша ректордың бұйрығымен бекітіледі және өзгертіледі.

3.5. ҚББТ бөлімі тікелей оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысы жөніндегі проректорға бағынады.

3.6. ҚББТ бөлімі қызметінің материалдық-техникалық қамтамасыз етілуі, қауіпсіздігі «ОҚМА» АҚ тиісті жетекшілік ететін бөлімшелерімен бірлесіп жүзеге асырылады.


3.7. Осы ереже ҚББТ бөлімі қызметінің құрылымының, міндеттері мен бағыттарының өзгеруіне байланысты өзгертілуі және толықтырылуы мүмкін.

3.8. ҚББТ бөлімі «ОҚМА» АҚ ректорының бұйрығымен таратылуы немесе қайта ұйымдастырылуы мүмкін.

3.9. Бөлім қызметкері жұмыстан босатылған (ауыстырылған) жағдайда құжаттарды қабылдау-тапсыру актісі бойынша істер номенклатурасына сәйкес беру ұйымдастырылады. Құжаттарды беруге дайындауды ҚББТ бөлімінің жауапты қызметкері жүзеге асырады.

3.10. ҚББТ бөлімінің меңгерушісі жұмыстан босатылған (ауыстырылған) жағдайда құжаттама белгіленген тәртіппен ҚББТ бөлімінің әдіскеріне беріледі.

3.11. Осы Ережеге толықтырулар мен өзгерістер «ОҚМА» АҚ ректорының

| | | |
|---|---|--|
| ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  | SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| Қашықтан білім беру технологиялар бөлімі | ҚЕ 09-2024 | 2-ші басылым |
| Бөлімнің ережесі | 9 беттің 6-ші беті | |

бұйрығымен енгізіледі.

3.12. Осы Ереже «ОҚМА» АҚ ректорының бұйрығымен бекітілген сәттен бастап күшіне енеді.

4 ҚАШЫҚТАН БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАР БӨЛІМІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

4.1. ҚББТ бөлімінің «ОҚМА» АҚ ректоры бекіткен штаттық кестеге сәйкес келесі мамандардан тұрады:

- бөлімнің меңгерушісі;
- әдіскері;
- 3D визуализация және жобалау бойынша жетекші инженері;
- бейнетүсірілім және бейне монтаж маманы.


4.2. Бөлім жұмысына белгіленген тәртіппен «ОҚМА» АҚ, факультеттердің, кафедралардың және өзге де бөлімшелердің қызметкерлері, сондай-ақ шарт негізінде «ОҚМА» АҚ қызметкерлері болып табылмайтын мамандар тартылуы мүмкін.

4.3. Бөлім қызметкерлері мен тартылған мамандарға еңбекақы төлеудің шарттары мен тәртібі қолданыстағы заңнамамен, «ОҚМА» АҚ жарғысымен, нұсқаулықтарымен және бұйрықтарымен анықталады.

5 ҚАШЫҚТАН БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАР БӨЛІМІНІҢ ФУНКЦИЯЛАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

ҚББТ бөлімі бойынша оқу процесін жоспарлау және ұйымдастыру:

- цифрлық білім беру ресурстары мен цифрлық контенттерді әзірлеу және жаңарту үшін педагог қызметкерлерге жағдай жасау;
- оқу үрдісінде ҚББТ іске асыру бойынша оқытушыларға кеңес беруді және оқытуды ұйымдастыру;
- ҚББТ-мен жұмыс істеу бойынша ұсыныстар мен нұсқаулықтарды әзірлеу;
- media.skma.edu.kz сайтында барлық жоо-дағы БББ бойынша бейне контенттің (дәрістер, практикалық сабақтар және т. б.) жаңартылуын қамтамасыз ету;
- кафедралармен бірлесіп онлайн-курстарды әзірлеу және құру бойынша түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу;

| | | |
|---|--|--|
| ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SKMA -1979- | SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| Қашықтан білім беру технологиялар бөлімі | ҚЕ 09-2024 | |
| Бөлімнің ережесі | 2-ші басылым 9 беттің 7-ші беті | |

- ашық онлайн-курстарда бейінді және педагогикалық құзыреттерді арттыру бойынша ұсыныстар беру;
- кафедралармен бірлесіп ПОҚ әлеуетін арттыруды ұйымдастыру;
- ПОҚ ақпараттық сауаттылығын арттыру;
- кафедралармен бірлесіп электрондық оқулықтар, оқыту бағдарламалары, ақпараттық-анықтамалық жүйелер құру;
- 3D-де деңгейлерді модельдеу және визуализациялау;
- 3D визуализациясы бар мобильді қосымшаларды әзірлеу;
- фотореалистік сапаға жақын жоба дизайнын орындау.


6. ҚАШЫҚТАН БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУ ПРОЦЕСІНЕ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

6.1. Қашықтан білім беру технологияларын қолдана отырып оқу процесін ұйымдастыру кезінде ҚББТ бөлімі құқылы:

- қашықтан оқу процесін жоспарлау және ұйымдастыру үшін бөлімнің жұмысына қажетті барлық «ОҚМА» АҚ және оның құрылымдық бөлімшелерінің құжаттарын белгіленген тәртіппен алуға;
- өз қызметін «ОҚМА» АҚ құрылымына сәйкес «ОҚМА» АҚ оқу және оқудан тыс бөлімшелерімен өзара іс-қимылда жүзеге асыруға;
- «ОҚМА» АҚ кафедралары мен басқа да бөлімшелерінен білім беру процесінде қашықтан білім беру технологиялар бөлімін қолдануға байланысты, «ОҚМА» АҚ есептері үшін қажетті ақпаратты сұратуға;
- кафедраларда ҚББТ-ны пайдалануды реттейтін құжаттардың болуын, ҚББТ-ны оқу процесіне енгізу бойынша ұсыныстар беруге;
- бөлім меңгерушісі бөлімді кеңейту және оның жұмысын жетілдіру туралы ұсыныстар енгізе алады.

6.2. Қашықтан білім беру технологияларды қолдана отырып оқу процесін ұйымдастыру кезінде порталда ҚББТ міндетті:

- ережеге сәйкес функционалдық міндеттерді орындауға;
- ҚББТ технологияларын қолдана отырып, оқу процесін өткізуді және бақылауды ұйымдастыруға;
- электрондық оқу-әдістемелік кешендер құруда кафедраларға әдістемелік және техникалық көмек көрсетуге;
- ҚББТ қолдану арқылы оқу процесіне қатысушылардың өзара іс-қимылын қамтамасыз етуге.

| | | |
|---|---|--|
| ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  | SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| Қашықтан білім беру технологиялар бөлімі | ҚЕ 09-2024 | |
| Бөлімнің ережесі | 2-ші басылым 9 беттің 8-ші беті | |


7 ҚАШЫҚТАН БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАР БӨЛІМІНІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

ҚББТ бөлімі жауапты:


- «ОҚМА» АҚ басшылығына қашықтан білім беру технологияларын бағдарламалық және техникалық тұрғыда жабдықталуын қамтамасыз ету мақсатында қажетті құрал-жабдықтарға сұраныс беруге;
- білім алушыларға арналған оқу-әдістемелік және ұйымдастырушылық-әкімшілік ақпараты бар парақтарымен білім беру порталын толтыру мақсатында «ОҚМА» АҚ құрылымдық бөлімшелерінен түрлі мазмұндағы мәліметтер талап етуге;
- Қазақстан Республикасының қолданыстағы еңбек заңнамасында белгіленген тәртіппен лауазымдық нұсқаулықтарда көзделген өзінің лауазымдық міндеттерін орындалмағанына;
- алынған ақпараттардың құпиялылығын сақтамағаны үшін;
- бөлім қызметкерлері қызметтік этиканы сақтамағаны үшін;
- бөлім қызметкерлері қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтамаған жағдайда;
- өз қызметі барысында жасаған құқық бұзушылықтарға, еңбек тәртібін сақтауға;
- бөлімнің қызметтік міндеттерін орындау процесінде Қазақстан Республикасының «Еңбек туралы» кодексінде көзделген басқада бұзықшылықтары үшін;
- ережеде бөлімге жүктелген міндеттердің сапалы және уақтылы орындалуы үшін бөлім басшысы, сондай-ақ бөлім қызметкерлері ҚР қолданыстағы заңнамасына және лауазымдық нұсқаулықтарға сәйкес өз құзыреті шегінде толық жауап береді.

8 БАСҚА ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМШЕЛЕРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ





- 8.1. ҚББТ жоғары тұрған инстанциялар, ОӘО, деканаттардан бөлім жұмысына қатысты тапсырмаларды, өкімдерді орындауды қабылдайды.
- 8.2. ҚББТ функционалдық міндеттеріне сәйкес кафедралар мен өзге де бөлімшелерге орындау үшін ОӘО басшысына хабар береді.
- 8.3. Жүйенің жемісті және уақтылы жұмыс істеуі үшін «ОҚМА» АҚ барлық құрылымдық бөлімшелерімен өзара іс-қимыл жасайды.

| | | |
|---|---|--|
| ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  | SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| Қашықтан білім беру технологиялар бөлімі | ҚЕ 09-2024 2-ші басылым 9 беттің 9-ші беті | |
| Бөлімнің ережесі | | |


Әзірлеген:

| Қызметі | Аты- жөні | Күні | Қолы |
|----------------------------|----------------|------------|---|
| ҚББТ бөлімінің меңгерушісі | Халметова Ш.А. | 04.01.2024 |  |

Тексерді:

| Қызметі | Аты- жөні | Күні | Қолы |
|--|-----------------|------------|---|
| Оқу-әдістемелік орталығының басшысы | Долтаева Б.З. | 08.01.2024 |  |
| Кадрлық қызмет бөлімінің меңгерушісі | Елеусизова Г.Л. | 15.01.2024 |  |
| Сапаны қамтамасыз ету және мониторинг бөлімінің меңгерушісі | Ержанов Н.Ә. | 22.01.2024 |  |
| Әкімшілік және құқықтық қамтамасыз ету басқармасының басшысы | Кабиштаев О.А. | 05.02.2024 |  |

Келісті:

| Қызметі | Аты- жөні | Күні | Қолы |
|---|----------------|------------|---|
| Оқу әдістемелік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор | Анартаева М.У. | 19.02.2024 |  |